



8 сәуір, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

А.КӨЛГІНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновті қабылдады.

Президентке Елордадағы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру және вакцина салу шаралары жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар коронавирусқа қарсы екпені тезірек алған жағдайда ғана қоғамдық орындарда бір-біріне қауіп төндірмейтінін, бизнес жандана түсетінін, қызметкерлердің жұмыс орындарына алаңдамай баруына және халықтың қалыпты өмірге қайта оралуына толық мүмкіндік болатынын айтты.

Президент тұрғындарға вакцина салу-

ды уақытылы және жаппай ұйымдастыру, эпидемиологиялық жағдайды бақылауда ұстап, халықтың денсаулығын сақтау жөнінде қала әкіміне тапсырма берді.

Мемлекет басшысына қаладағы халық санының артуына байланысты білім беру ошақтарын салу арқылы үш ауысымдық мектептердің мәселесін шешу, кезекте тұрған азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша ақпарат берілді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Алтай Көлгіновке қаланы газдандыру мәселесін шешуді, инвестиция тартуды, Жұмыспен қамту жол картасын тиімді жүзеге асыруды, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуді тапсырды.

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ АЛҒЫС АЙТТЫ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күнінде дәрігерлерге азаматтардың денсаулығын қорғаудағы жанкешті еңбегі үшін алғыс айтты.

Бұл туралы Президент өзінің Twitter-дегі парақшасында: «Қазіргідей қиын кезеңде денсаулық сақтау саласының тиімді жұмысы адамзат өмірінде қаншалықты маңызды екенін

көрсетті. Пандемияның алғашқы күнінен бастап медицина қызметкерлері адам өміріне араша түсіп, коронавирусқа қарсы күрестің алдыңғы шебінде жүр.

Қолжетімді және сапалы медицина жүйесі – жалпыұлттық басымдық. 2020 жылдан бастап медицина саласын қаржыландыру 1,5 есеге көбейді. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап сала қызметкерлерінің жалақысы көтерілді. Азаматтардың денсаулығын қорғаудағы жанкешті еңбегі үшін дәрігерлерге ризашылығымды білдіремін» деп жазды.

● АДАМЗАТТЫҢ ҒАРЫШТЫ ИГЕРГЕНІНЕ – 60 ЖЫЛ



Бала кезімізде бәріміз де қиялшыл болдық. Өзіміз жерде, көзіміз көкте жүретін албырт шақтардың арманы десейші! «Өскенде кім боласың?» деген мұғалімдердің сұрағына біразымыздың «космонавт боламын» деп жауап бергеніміз бар. Өйткені, біз Юрий Гагарин атындағы мектеп-интернаттың шәкірттері едік. Ал, бірақ,

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

3-бет

әрі кетсе, «Ту-134»-ке мінгеніміз болмаса, туа бітті маңдайымыздың жазуынан шығар, ешқайсымыз ғарышқа ұшқан жоқпыз.

Ғарышқа ұшуды қанша қиялдағаныңмен, оған үміткердің жеке психологиялық және физикалық дайындығымен қоса, мақсатты бағдарламасы болуы шарт екен. Біз оны қайдан білеміз?

● АПЫРАЙ-Ә!

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫ ТАҒЫ КӨТЕРІЛДІ

Бұл – жылда қайталана беретін үйреншікті жағдай. Көктемгі егін егу жұмыстары басталар сәтте жанар-жағармай бағасы қымбаттайды. Биыл да осылай болды. Мәселенің мән-жайына қанығу үшін ҚР Баскелестікті қорғау және дамыту агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы Еркін Орынбаевқа телефон шалып, түсінік беруін өтіндік.

Ол департамент тарапынан жағдайдың тұрақты түрде бақылауға алынып отырығанын мәлімдеді. Сондай-ақ жекелеген мұнай өнімдерін өндіруші бірі – жарым компаниялардың жанармай сауда монополиялық жағдайда бағаға үстемдік жасап отырығанын айта келе, дегенмен, аймақтағы жанармай нарығы департаменттің бақылауында екенін жеткізді. Сонымен бірге ол қазіргі күндері Атырау мұнай

өңдеу зауыты жөндеу жұмыстарына байланысты тоқтап тұрғанынан хабардар етті. Келесі кезекте Павлодар және Шымкент зауыттары жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жұмыстарын тоқтатады.

Иә, айтары жоқ, осындай қауырт сәтті өз мүдделеріне пайдаланып, олардың тарапынан артық пайда алғысы келетін әрекеттер орын алуда. Бірақ, бұл – уақытша құбылыс.

– Негізінен біздің тарапымыздан тексеру барысын-

да жанармай бекеттерінде айтарлықтай заң бұзушылықтар орын алған жоқ. Бензин негізінен қалыптасқан өзіндік құнына сәйкес сатылуда, – деді департамент басшысы және бір сөзінде.

Ал облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев өз кезегінде көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысынан мәлімет берді.

Оның атап өткеніндей, биыл облыстың ауылшаруашылық саласындағы көктемгі дала жұмыстарына бөлінетін барлық жанар-жағармайдың белгіленген көлемі – 12804 тонна. Бүгінгі күні оның наұрыз және сәуір айларына белгіленген 7854,3 тоннасы үшін қаржы төленген. Қазір оның цистерналарға тиелген 7694 тоннасы арнайы операторлардың базасына жеткізілген. Олар – «Нефть-Транс – Қызылорда», «РК-Мұнай», «Қызылорда мұнай өнімдері» және «Жаңақорған Ойл» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері. Бүгінгі күні келген жанар-жағармайдың 3 мың тоннадан астамы шаруашылықтарға таратылып берілген.

Басқарма басшысы дизель отынының нарықтағы бағасы 200 теңгеден асып тұрса, шаруашылықтарға жеңілдетілген бағамен, яғни 164 теңгеден босатылып жатқанын айтады.

«СБ» ақпарат

● #ЖАҚЫНЫҢАЖАНАШЫРБОЛ

ВАКЦИНА КЕСЕЛДІҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ



Коронавирус инфекциясы пандемия деп жарияланғалы шектеу көбейді, адамзат өмірі өзгерді, әлем вирус құрсауында қалды. Біз көзге көрінбейтін кеселмен күресті жалғастырамыз. Десек те, той-томалақ толастамай тұр, сақтыққа әлі де салғыртпыз. Ал, инфекцияның қайта бас көтеріп, өрши түскені байқалады.

Сб Мөлдір КАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

ВИРУС МУТАЦИЯҒА ҰШЫРАДЫ

Бірнеше ай бұрын ұлы-британиялық штамның шыққаны хабарланды. Вирустың мутацияланған бұл түрі әдеттегі коронавирустан 70 процентке тез жұғады деген дерек бар. Мұнан соң артынша АҚШ-тың Калифорния штатында адам ағзасынан екі штамм бірігуінен пайда болған гибридиндегі вирус шығарып берілді. Бірақ, сарапшылар оның тексеруден өтпеген науқастарда жұқтыру дерегі болуы мүмкін деп топшылайды.

Әлемдегі ахуалдың күрделенгенін статистика көрсетеді. Бүгінде 221 елде COVID-тің 130 млн-нан астам жағдайы тіркелген, науқастану өсімі –

0,5, 2,8 млн-нан астам адам қайтыс болды. Қаңтар айында науқастанудың жалпыәлемдік статистикасы біршама төмендегенімен, ақпаннан бастап қайтадан тұрақты өсім байқалды. Франция, Польша, Түркия, Украина сынды жекелеген елдерде 1 млн тұрғынға шаққанда тәулігіне 400-ден 800-ге дейін жағдай тіркелуде.

Елдегі жағдай да мәз емес. Денсаулық сақтау министрлігі тартқан мәліметке сай, қазір коронавируспен ауырған-дардың тәуліктік көрсеткіші 2 мыңнан асып түскен. Бұған қоса жауапты саланың тізгініндегі Алексей Цой келер айда тағы 370 мың адам COVID жұқтыруы мүмкін деген болжам келтірді. Бұл ретте бір ғана сауал туындайды. Жұқпалы індетті құрықтаудың жолы қайсы?

Жақында осы күрделі ахуалды алға тартқан Мемле-

кет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министріне бір ай ішінде жағдайды түземесе, қызметтен кетуі мүмкін екенін ескерткен болатын. Президент бұл орайда Қазақстан вакциналау қарқыны жағынан көшбасшы мемлекеттерден әжептәуір артта қалғанын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде имунизация курсы 47 мыңға жуық адам ғана аяқтаған. Оған вакцина тапшылығы себеп. Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев «Үкімет «Спутник V» бойынша уағдаластық пен отандық вакцина өндірісі елдің вакциналау қажеттілігін толығымен өтейтініне сендірді. Осы ақпараттың негізінде 1 ақпаннан жаппай вакциналау басталатынын жариялады. Алайда, екі ай ішінде екпе алғандардың саны 0,1%-ке де жетпейді. Енді басқа мемлекет басшыларымен қосымша вакцина жеткізу туралы уағдаласуға тура келеді. Біз жеделдету үшін өзімізге тиімсіз коммерциялық және қаржылық шарттарға келісуге мәжбүрміз» деген пікір білдірді.

2-бет



Ордалы
30
жыл

8 СӘУІР

• 1999 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Ақмола облысының әкімдігі Астана қаласынан Көкшетауға көшірілді.

• 2005 жылы Алматыда Халықаралық экономика мектебі ашылды. Мектеп – Қазақстан-британ техникалық университетінің бір бөлігі.

• 2006 жылы Алматыдан Солтүстік белдеуге Қазақстанның алғашқы полярлық экспедициясы шықты.

• 2008 жылы Мәскеудегі Қазақстан Елшілігінде «Ресейдегі қазақтар» кітабының таныстырылымы өтті.

• 2010 жылы жергілікті уақыт бойынша сағат 19:57-де «Байқоңыр» ғарыш алаңынан «Днепр» зымыран-тасығышы арқылы Еуропалық ғарыш агенттігінің (ЕФА) «Криосат-2» ғылыми ғарыш аппараты ұшырылды. «Криосат-2» ғылыми серігі жандық жылындың полярлық мұздықтарға әсерін бақылауға арналған.

• 2011 жылы елордадағы Тәуелсіздік сарайында Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау салтанаты өтті. Онда Елбасы Қазақстан халқына ант беріп, оған ҚР Президентінің куәлігі табысталды.

9 СӘУІР

• 1999 жылы Бакуда «Китаби Деде Горгуд» Әзербайжан эпосының 1300 жылдығына арналған түркітілдес бес мемлекет басшыларының саммитінде Нұрсұлтан Назарбаевқа «Деле Горгуд – Ұлы жол» – Достастық қоғамы лауреаттарының жоғары атағы берілді.

• 2000 жылы Нұрсұлтан Назарбаев Баку қаласында өткен «Қорқыт ата кітабы» эпосының 1300 жылдығына арналған мерекелік мажліске қатысты.

• 2013 жылы Бішкекте қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовке арналған мемориалдық тақта салынатын түрде ашылды.

• 2014 жылы Қазақстанда балаларға арналған Bugatti Veyron маркалы VIP санатындағы көлік құрастырылды. Мұндай машиналардың елде жалғыз ғана данасы бар.

• 2016 жылы Қазақстан ұлттық кітапханасында Құран Кәрімге түсінік беретін «Құран тәпсірі» қолжазбасы табылған. Кембридж университеті парсы зерттеулерінің жетекшісі, профессор Фирруз Мелвиллді пікірлесіп, бұл қолжазба ғылым әлеміндегі нағыз сенсацияға айналуы мүмкін.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 3-сессиясы 2021 жылғы 14 сәуірде сағат 11:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №519 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2021 жылғы 14 сәуірде сағат 09:30-да өткізіледі.

Облыстық мәслихат

● #ЖАҚЫНЫҢАЖАНАШЫРБОЛ

ВАКЦИНА КЕСЕЛДІҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

6 МЛН АДАМ
ВАКЦИНА
АЛАДЫ

Ал, сейсенбіде өткен Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин алдағы 3 айда 6 млн адамға вакцина егілетінін жеткізді. Толығырақ тарқатсақ, министрлік вакцинациялау бойынша жоспар әзірледі. Биыл сәуір, мамыр және маусым айы аралығында өңірлерде ай сайын 2 млн адамға вакцина алу мүмкіндігі қамтамасыз етілмек. Сондай-ақ, қыркүйек айында 10 миллионға жуық адамға вакцина салуды аяқтау жоспарланып отыр. Содан кейін ұжымдық иммунитеттің жинақтаушы әсері күтіледі. Бірер күн бұрын Президент те Қарағанды фармацевтика зауыты шығарған «Спутник-V» вакцинасын салдырды. Бұдан бөлек, бүгінгі күнге дейін елде 194 706 адамға ерікті түрде екпе егілді деген дерек бар.

Ендігі кезекте өңірдегі жағдайға тоқталсақ. Облыста вирус жұқтырудың қарқыны артқан, қазір инфекция жұқтырғандар саны 4198-ге жетті. Оның 3%-і сырттан тасымалданған болса, 56%-і скринингтік тексеру нәтижесінде анықталған, 41%-і қарым-қатынас арқылы жұқтырған. 6 сәуірдің өзінде облыста 39 жағдай тіркелді. Басым бөлігі COVID-19 инфекциясын жұқтырғандармен жақын қарым-қатынаста болған. Бұл ұжымдарда вирус жұқтыру дерегі кө-



бейген дегенге саяды. Осыған байланысты облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Динара Жаңабергенова жұмыс орындарындағы санитариялық-эпидемиологиялық, дезинфекциялық талаптардың орындалуына жіті мән беруді тапсырып, үндеу жариялады.

– Әрбір тұрғын вирустың таралуын тоқтата алады. Бетперде киюді, жеке гигиена ережелерін, қоғамдық орындарда арақшықтық сақтауды қаперден шығармау, дене қызуы көтеріліп, жөтел және тыныс алу қиындаған жағдайда медициналық көмекке жүгіну керек. Халық көп шоғырланатын орындарға баруды, шектен тыс қонақ шақырып, отбасылық мерекелерді тойлауды кейінге қалдыру маңызды. Индетке төтеп беру өз қолымызда, – деді Динара Жаңабергенова. Сондай-ақ, мамандар індетті ауыздықтаудың

тағы бір жолы – жаппай екпе алу екенін айтады. Сандарды сөйлетсек, 1 ақпаннан бастап екпенің 1000 дозасы өңірге жеткізіліп, алғашқы кезеңде ол медицина саласының қызметкерлеріне, педагогтар мен полиция қызметкерлеріне салынған. Бүгінге дейін екпенің I компоненті 7000-нан аса адамға, II компоненті 2623 адамға егілген.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ ЖАЗАСЫ ҚАНДАЙ?

Десе де, қоғамда әлі де «Екпе ем бе, әлде екпеген жөн бе?» деген екіұдай пікір бар. Бұған дейін әлеуметтік желіде түрлі қауесет, фейк ақпараттар тарағаныда жасырын емес. Алайда, Денсаулық сақтау министрлігі вакцинаға қатысты фейк ақпаратпен күрес күшейтілетінін хабарлады. Енді елдегі эпи-

демиологиялық ахуалға қатысты жалған ақпарат таратудың жауапкершілігі қатаң. Денсаулық сақтау саласының ардагері Тұрғанбай Маханов та қазір екпені ем дейтіндер мен пайдасы кем дейтіндердің таласы тоқтамағанын, алайда алдын алу шараларына бейжай қарауға болмайтынын айтты.

– Коронавирус инфекциясы басқа вирустарға қарағанда азулы. Мәселен, осы уақытқа дейін ғалымдар таралған вирустың барлығын ғылыми жолмен тоқтатқан. Сондықтан екпе ұжымдық иммунитетті қалыптастырады деуге негіз айтарлықтай. Кез келген вакцинаны 99 адам жақсы қабылдап, біреуіне кері әсер етуі мүмкін. Бірақ, сол үшін жаппай екпенде бас тарту дұрыс емес, – деген ойымен бөлісті.

«Үрей – дерттің жартысы, сабыр – емнің жартысы, төзім – сауығудың басы» деген ғалым Ибн Сина. Сабыр мен сақтықты, төзім мен тәртіпті серік етсек және әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, бұл күннің артта қалары анық. Локдауннан шығу жолын ертерек ойластырған елдердің тәжірибесін парақтасақ, Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктерінде, вакцина салдырудан көш басындағы елдерде туризм, сауда, мейрамханалар желісі, шағын және орта бизнес қайта жандана түскен. Осыған қарап, кеселмен күрестің сенімді жолы вакцина деп ашық айта аламыз.

Сыр өңірінің экономикасында аграрлық саланың маңызы зор. Мемлекет тарапынан тиісті қолдау да жасалып келеді. Десе де, әлі қолға алатын жұмыс аз емес. Облыстық мәслихат депутаттары аталған мәселені тұрақты түрде назарда ұстап келеді. Өңірдің аграрлық саласында өзіндік қолтаңбасы бар облыстық мәслихаттағы өндіріс және шаруашылық салалары, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Бақдәулет Мақашев бұл жөнінде көзқарасын білдірген еді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

АГРАРЛЫҚ САЛА ЖӘНЕ АУҚЫМДЫ МІНДЕТ

– Облыс халқы ұзақ жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек етіп келеді. Мемлекет тарапынан субсидия бөлініп, лайықты қолдау көрсетілуде. Ауыл шаруашылығын қолдау мәселесі «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында кеңінен қамтылды. Кейінгі үш жылда өңірдің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 40 млрд теңгеге жуық қаржы қаралған. Биылғы жылдың өзінде осы бағытта 12 млрд теңге бөлінуде. Ол тұқым шаруашылығын, жайылымдықтарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, ет бағытындағы шаруашылықтарды дамыту секілді бағыттардан тұрады, – дейді Б.Мақашев.

Оның айтуынша, мемлекеттік қолдаудың арқасында күрші егісін жоғары репродукциялы тұқыммен қамтамасыз ету басымдық алып отыр. Биыл осы бағытта субсидиялау бағдарламасы бойынша 145,5 млн теңге (жергілікті бюджеттен) қаржы бөлінуде. Бөлінген қаржыға 14 тонна бірегей, 263 тонна элиталық, 763 тонна бірінші репродукциялы тұқым, 27 тонна жүгері бұдан тұқымы және жеміс ағашының 50 мың дана элиталық көшетін ішінара арзандатылған бағамен сатып алу көзделген. Қаржыны игеру маусым айына жоспарланған.

Келесі кезекте ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау бар. Бюджеттік бағдарламасы бойынша былтыр 455,6 млн теңге бөлінген. Оған 476 шаруашылыққа барлығы 2,6 млрд текше метр су жеткізіп беру қызметтері субсидияланды. Биыл жұмыс маусым айынан басталады деп күтілуде.

Айта кетейік, судың 1 текше метрге арналған субсидия мөлшері қосылған құн салығымен қоса күрші жүйелеріне арналған тарифтің 50 процентін құрайды. Субсидиялаудың нәтижесінде өндірілген өнімнің көлемі мен сапасы, бәсекеестік қабілеті артуда.

Аймақта әртарапандыру мәселесі күн тәртібіне қойылды, – дейді ендігі сөзінде Б.Мақашев. – Рас, күрші – суды мол қажет ететін дақыл. Сыр өңірі қаншама жылдан бері оны өсіруге әбден дағдыланған. Күрші шаруашылығына табиғи және экологиялық тұрғыдан қарауымыз тиіс. Ол егілмеген жерлерді сор басып кететінін жергілікті тұрғындар жақсы біледі. Сондай-ақ алма өсіру ісіне бетбұрыс басталды. Облыстың бірқатар аудандарында алма бағының аумағы өсті. Атап



айтқанда, Жаңақорған, Жалағаш, Арал аудандарында оң өзгерістер көрініс берді. Жаңақорған ауданы Төменарық ауылының тұсында 50 гектар аумаққа алмадан өзге өрік, шие, жүзім секілді дақылдар өсіруді қолға алдық. 2019 жылы бұл аумақта 10 гектарға алма ағаштары егілді. Биыл 60 гектарға жеткізу ойымызда бар. Қазір тиісті құжаттары жасалды. Алдағы уақытта 33 мың түп алма және жеміс-жидек ағаштары егіледі. Оны екі кезең бойынша жүргіземіз. Бұдан бұрынғы жылдарда егілген алмадан биыл өнім жинаймыз деген жоспарымыз бар. Сондықтан 1000 тоннаға жуық аталған өнімді сақтайтын, сорттайтын қойма салып жатырмыз. Су ресурсын үнемдеу мақсатында тамшылатып суару әдісі қолданылады. Сондай-ақ, келешекте қызанақ егіп, томат пастасын шығару да жоспарда тұр.

Алмаға сұраныс артып келеді. Бұл қазақстандық шаруаларға өте қолайлы. Шетелдік сарапшылар еліміздің мүмкіндігі зор екенін айтады. Республикалық мерзімді басылымда жарияланған мына мәселеге көз жүгірте кеткеніміз артық болмас. Қытай, Ресей, Үндістан мемлекеттері де Өңтүстік-Шығыс Азия секілді үлкен нарық бар. Демек, Қазақстан алма шаруашылығын дамыта отырып, бұл жемістің экспорттық әлеуетін көтере алады.

Мамандар алма бағын отбасылық бизнес ретінде дамытуға бөлітудің да жиі талқылап жүр. Өйткені, кейбір мемлекеттерде дәл осындай жолмен табыс тауып отырғандар аз емес. Еуропада бұл кәсіптің таралған. Аз жерден мол өнім алу әрі нарыққа ену кәсіптің табысты екенін айғақтайды.

– Ауыл шаруашылығында

тағы бір маңызды мәселе – мал азығы. Алдағы уақытта біз қызанақ өсіруді қолға алсақ, онда ауыспалы егіс тәртібі сақталатын үш аумақ болуына назар аударамыз. Сол аумақта бидай, жоңышқа егу арқылы мал азығын дайындауды қолға алмақ ойымыз бар. Құрама-жем зауытының толық қуатында жұмыс атқаруына септігін тигізеді. Өйткені, жем шығару үшін оған бидай, жүгері, басқа да дақылдар керек. Аймақта көптеген мал бордақылау орындары салынды. Деген-

мен, мал азығының тапшылығына байланысты мал басын көбейту кенжелеп қалды. Осыған байланысты өндіруші мен пайдаланушыға тиімді мүмкіндіктер қарастыруымыз қажет, – дейді ол.

Шындығында, өңірге жем негізінен сырттан тасымалданады. Оған қажетті дақылдарды өз жерімізде егіп, өңдеп, мал азығы қорына пайдалану үлкен тиімділік әкелер еді.

– Әрбір дақылдан құнарлы жем өндірудің тәртібі бар. Оған жұмсалатын қоспа, витаминге мән беріледі. Жем өндірісі ет және сүт бағытына арналған. Әрбіріне тиісті талап пен тәртібі қарастырылған. Құстың жемі де бөлек өндіріледі. Біздің зауыттың ерекшелігі – балыққа арналған жем шығаруға мүмкіндігіміз бар. Олардың құрамын есептей отырып, қажетті заттар табылған жағдайда дайындай аламыз. Қолымызды байлайтыны – қажетті шикізаттың жоқтығы. Біз күршітен күрші жармасы мен талқан жемін шығарамыз. Тіпті, күршінің қабығын майдалап өнім мәселеге көз жүгірте кеткеніміз артық болмас. Қытай, Ресей, Үндістан мемлекеттері де Өңтүстік-Шығыс Азия секілді үлкен нарық бар. Демек, Қазақстан алма шаруашылығын дамыта отырып, бұл жемістің экспорттық әлеуетін көтере алады.

Мамандар алма бағын отбасылық бизнес ретінде дамытуға бөлітудің да жиі талқылап жүр. Өйткені, кейбір мемлекеттерде дәл осындай жолмен табыс тауып отырғандар аз емес. Еуропада бұл кәсіптің таралған. Аз жерден мол өнім алу әрі нарыққа ену кәсіптің табысты екенін айғақтайды.

– Ауыл шаруашылығында

БАС АМАНДЫҒЫН ОЙЛАСАҚ...

Елімізде коронавирустан «қызыл» аймаққа енген өңірлер саны өсті. Қызылорданың «жасыл» аймақтан тәуекелі орташа «сары» аймаққа өту қаупі жоғары. COVID-19 инфекциясын жұқтырғандармен жақын қарым-қатынаста болғандар арасынан ауру анықталған, яғни, ұжымдарда вирус жұқтыру дерегі көбейген. Облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Динара Жаңабергенова жұмыс орындарындағы санитариялық-эпидемиологиялық, дезинфекциялық талаптардың орындалуына жіті мән беруді сұрап, үндеу жариялады.

– Өткен тәулікте Қазалы ауданындағы «Өрімтал» балабақша-сында 9 дерек тіркелді. Қазіргі

таңда ауру ошағында эпидемияға қарсы барлық іс-шаралар жүргізілді, қарым-қатынаста болғандар анықталып, медициналық бақылауға алынды. Эпидемиологиялық зерттеу жұмыстары жалғасуда, қажет болған жағдайда балабақша толығымен карантинге жабылуы мүмкін. Бүгінде ата-аналар балаларын балабақшаға жібермей отыр. Инфекция «Сібу-Қызылорда» мекемесінде бахталық жұмысшылары арасында да тіркелді. COVID-19 жұқтырған 1 адаммен байланыста болған 34 жұмысшы оқшауланып, ПТР анализдері алынды. Нәтижесінде 10 адамнан вирус анықталды. Қазір ауру ошағы болған бахталық қалашық карантинге жабылды. Қарым-қатынаста болғандардың барлығы медициналық бақылауға алынды, – деді Динара Жаңабергенова.

Өңірде карантин талаптары кезек-кезеңімен жеңілдетілгенімен, бірқатар шектеулер әлі де сақталуда.

Арнайы мониторингтік топ жыл басынан бері 28 отбасылық той-жиын өткізген деректі анықтады. Қазір тек шектеулі адаммен ас беруге рұқсат етілген.

– Әрбір тұрғынның вирус таралуын тоқтатуға мүмкіндігі бар. Барлығыңызды бетперде киюге, шектен тыс қонақ шақырып, қоғамдық орындарда арақашықтықты сақтауға, дене қызуы көтеріліп, жөтел және тыныс алу қиындаған жағдайда медициналық көмекке жүгінуге шақырамын. Адамдар көп шоғырланатын орындарға баруды, шектен тыс қонақ шақырып, отбасылық мерекелерді тойлауды кейінге қалдыруды сұраймын. Әрбір тұрғын мамандар кеңесіне құлақ асып, карантин талаптарын орындаса, инфекция тарамайды. Жауапкершілік те, қауіпсіздік те ортақ, – деді ол.

«СБ» ақпарат

1-бет

ӘЛЕМДІК МҰНАЙ НАРЫҒЫ: Болжамдар қаншалықты шындыққа айналуда?

Әлемдік сарапшылар 2020 жылғы коронавирус салдарынан болған жаһандық экономиканың құлдырауын 2021 жылы біршама деңгейде қалыпқа келеді деген болжам жасаған болатын. Болжамдар қазір шындыққа айнала бастады. 2020 жылдың соңынан басталған мұнай нарығындағы баға едәуір көтеріліп, ол барреліне 70 долларға дейін өсті. Кейін біршама төмендегені болмаса, баға өндірушілер үшін тиімді болып қалыптасты. Бірақ асығыстық жасауға әлі ерте, әлемдегі жағдай тағы күрделі сипатқа ене бастады. Коронавирустың үшінші толқыны Еуропаның бірқатар елдерінде карантин шектеулерін қабылдауға мәжбүрледі.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Өткен жылы әлемдегі мұнай өндіруші және оған еңбейтін елдер ұйымы (ОПЕК) өзара мәмілеге келіп, нарықтағы «қара алтын» өндірісін төмендетуге келіскен болатын. Әртүрлі пікірлердің қалыптасқанына қарамастан, аталған шешім тиісті нәтижеге жеткізді. Қазір нарықта қолайлы жағдай қалыптасты. Бұл – Қазақстанға да тиімді.

Сәл шегініс жасайық. 2020 жылы әлемдік мұнай нарығында құлдыраудың бірнеше

толқыны болды. Оған бірнеше фактор әсер етті. Олар сұраныстың күрт төмендеуі кезінде шикізаттың шамадан тыс өндірілуі, пандемия және оған қатысты шектеулер еді. Бір ғана наурыз айында мұнай бағасы екі есе арзандады. Баға барреліне 20-25 долларға дейін төмендеді. Бұл – әрине, мұнай өндіруші елдер үшін алаңдатарлық жағдай.

Алайда, күздің соңында нарықта қуатты серпін пайда болды. Батыстық вакциналардың



сәтті сынақтары туралы оңды жаңалықтар, АҚШ президенті сайлауының нәтижелері мен Джо Байденнің жасыл технологиялардың жақтаушысы ретінде америкалық мұнайшыларды қолдамайтыны туралы мәлімдеме жалпы дәстүрлі энергияның бағасы көтерілуіне оңды ықпал жасады. Алдағы уақыттан не күтуге болады?

Өткен жылдың желтоқсан

айының басында ОПЕК+ альянсының елдері қаңтардағы өндірісті тәулігіне 500 мың баррельге көбейту туралы шешім қабылдады. Әрі қарай жоспар министрлердің ай сайынғы кездесуінің нәтижелері бойынша нақтыланатын болып шешілді. Алайда, жаңа келісімдердің әрекет ету мерзімі белгіленген жоқ.

Brent барреліне 50 долларға

сенімді түрде жақындады. Кейінгі айларда ол тіпті 65-70 долларға дейін өсті. Соңғы оқиғаларға тоқтайық. Суэц каналындағы мұнай тасушы танкерлердің қайраңға тұрып қалуы салдарынан әлем экономикасы өзіне тиісті «қара алтын» сұранысынан айырылды. Бұл өз кезегінде нарықтағы бағаға әсер етпей қалған жоқ. Еуропалық сарапшылардың атап көрсеткеніндей, қазір қайранда тоқтаған баржалардың зияны аптасына 10 млрд доллар көлемінде бағаланып отыр. Осының өзі алдағы уақытта мұнайға деген бағаның төмендемейтінінен хабар бергендей. Қазір каналдағы қозғалыс қалпына келтірілді.

Сарапшылар қазір пандемияның екінші толқыны аяқталмай жатып, тіпті, үшінші толқыны басталғанын айтады. Еуропа елдері карантин жариялап экономика өсімін баулауда. Олардың қатарында Португалия, Бельгия, Чехия және басқа елдер бар. Демек, мұнай нарығындағы сұраныс

қалпына келтірілгенімен әлі айқындылық байқалмайтын сыңайлы.

Бірқатар сарапшылар АҚШ-тың соңғы айларда өндірісті миллион баррельге арттыруына байланысты бірінші тоқсанда мұнай бағасы 40-42 долларға дейін төмендеуі мүмкін. Содан кейінгі жағдай әлемдік державалардың пандемиядан қалай шығуына байланысты болады деген пікір айтады. Бірақ әзірге бұл болжамдар расқа айналмады. Бұл орайда америкалық жетекші банктердің мұнай бағасының 60 долларға дейін артуын болжағанын еске алғанымыз абзал. Атап айтқанда, Bank of America (BoFA) 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының соңында Brent 60 доллар деңгейінде қалыптасатынын болжайды.

Жалпы экономикада алдың ала болжам жасау күткендегідей нәтижелерге жеткізе бермейтінін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Коронавирус дерті басталғанда бірқатар сарап-

шылар енді «дәстүрлі отынның күні бітті» деген сәуегейлік айтқан еді. Бүкіл әлем бойынша ендігі жерде «жасыл экономиканың» қадамы басталды деген пікірлер жаппай айтыла бастады. Қазір жағдай өзгерді. Әлем технологиялық жағынан түбегейлі өзгеріске дайын болмай шықты. Себебі дәстүрлі емес отынның өзіндік құны қымбат. Ол өзін-өзі ақтамайды. Өңірге бұл тұрғыда әлем жұртшылығын алдап, саяси мәлімдемелерден әріге аспай отыр. Мұны – бір деңіз. Екіншіден, АҚШ әкімшілігі де дәстүрлі бул идеяны қолдайтын сыңайы байқалмайды. Себебі саясатты қанша алға тартқанмен, бұл жобаның тым қымбатқа түсетіні күн өткен сайын айқындала түседі.

Қорыта айтқанда, әзірге Қазақстан мен Ресей сияқты дәстүрлі отынға бай елдердің жағдайы бөтен болмайтын сыңайлы. Бұл – әлбетте, жақсылықтың нышаны.



АДАМЗАТТЫҢ ҒАРЫШТЫ ИГЕРГЕНІНЕ – 60 ЖЫЛ

Адамзат ғарышты бағындырған 1961 жылдың 12 сәуірінен бері қаншама ғарышкер аспан әлеміне сапар шегіп, ғылыми-зерттеулер жүргізді. Солардың ішінде Қазақстанның үш өкілі – Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов те бар. Олардың есімдері ел тарихына алтын әріптермен жазылды.

Тоқтар Әубәкіров – әлемнің 256-ғарышкері болса, Талғат Мұсабаев – 309-ғарышкері, Айдын Айымбетов 545-ғарышкері. Тоқтар Әубәкіров ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минут, Талғат Мұсабаев 341 күн 9 сағат 48 минут, ал Айдын Айымбетов 9 күн 20 сағат 13 минут болған. Үш қыранға да кеңістікті игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін «Халық қаһарманы» атағы берілген.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»



ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ҚЫРАНЫ

Тоқтар Әубәкіров

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы «Бірінші Май» ауылында дүниеге келген. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-майоры.

1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде ұшаққа екі рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. Осы кезде авиация саласындағы ерен еңбегі үшін Тоқтар Әубәкіровке «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. 1989 жылы ол бірінші болып, «МИГ-29К» жебыстан жылдам ұшағын «Тбилиси» авиакрейсеріне шеберлікпен дәл қондырып, қайтадан сол кемемен трамплиннен ұшып шығады. Бұлайша көкке көтерілу әлемде тұңғыш рет тіркеліп, Тоқтар Әубәкіровтің есімі Гиннестің рекордтар кітабына жазылды. Сондай-ақ, ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді.

1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында дайындыққа кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ұшты. Кеме жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық

кешенімен түйісті. Биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, зиянды аэрозолдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. 1991 жылы 10 қазанда Жерге оралды.

Халық қаһарманының ұшқыш болатыны әу бастан болжанған. Түсінде анасына әлдеқайдан шыққан бір дауыс «ұста қолыңа мынаны» депті. Қолын ашып қараса, аппақ, әдемі көбелек отыр екен. Сондықтан анасы баласын «аппақ көбелегім» деп еркелетіп кетті. Өзі де бұл сөздерді жиі естіген соң ұшуды армандапты. Кішкентайынан бос уақытында аэроклуб үйірімесіне қатысып, парашюттен секіруге әуестенеді.

Кейін орта мектепті бітірген соң, Армавирдегі ұшқыштар училищесіне оқуға түседі. Бастапқыда анасы мұны білмейді. Жалғыз ұлының қасында болмайтынына қатты қамықса да, батасын берген. «Сен туғанда-ақ ұшқыш болатыныңды сезген ем. Қайтейін, қимасам да бетіңнен

қақпаймын. Дегеніңе жет, балам!» деген екен анасы.

Ғарыштан оралған соң еліміздегі зерттеулер негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға, саяси және қоғамдық қызметтерге белсене араласты.

Талғат Мұсабаев

Талғат Аманкелдіұлы Мұсабаев 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында туған. Қазақтың екінші ғарышкері, Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-лейтенанты. 1991 жылдан бастап ұшуға даярланып, қосалқы ғарышкер есебінде екінші экипаждардың мүшелігінде болған.

Ғарышқа 3 рет ұшқан. 1994 жылы бірінші рет ұшқанда 126 күнді, 1998 жылы екінші рет ұшқанда 208 күнді сонда өткізді. Гиннес кітабына бір айдың ішінде 5 рет, 30 сағат 8 минут ұзақтықпен ашық ғарышқа шыққаны жазылған. 2001 жылы үшінші рет ұшқанда 8 күн болған. Ол ғарышкерлер арасында алғашқы хирург атанған.

Ата-анасы Талғат Бигелдин ағасындағы батыр болсын деп, аттын ырымдап қойған екен. Бала Талғат та ағасы

сияқты батыр, одан кейін Юрий Гагарин сияқты ғарышкер болуды армандап өседі. Сол арманына 43 жасында қол жеткізеді. Бұл туралы былай деп еске алады: «1961 жылдың 12 сәуірі басқалар үшін тарихи дата шығар. Ал мен үшін өмірімді өзгерткен күн деп есептеймін. Сол күні Алматы қаласындағы №58 мектептің линейкасында ғарышқа тұңғыш рет адам ұшқаны және ол КСРО азаматы Юрий Гагарин екені хабарланды. Линейка бірден бұзылып сала берді. Барлығы шаттанып, айқайлап, жүгіріп, секіріп жүр. Сол кезде мен кенеттен «Талғат Мұсабаев ғарышта!» деп айқайлап жібердім. Неліктен екенін білмеймін, сол уақыттан бастап мен космостан басқа ештеңені армандаған емеспін».

Т.Мұсабаев кейінгі жылдары Ұлттық ғарыш агенттігін, Аэроғарыш комитетін басқарды. Бүгінгі таңда ҚР Парламенті Сенатының депутаты.

Айдын Айымбетов

Айдын Ақанұлы Айымбетов 1972 жылы 27 шілдеде Алматы облысы Талдықорған қаласы Өтөней ауылында дүниеге келген. Қазақтан шыққан үшінші ғарышкер, Халық Қаһарманы, авиация генерал-майоры.

1993 жылы алғаш рет ғарышкерлікке өтініш берді. 2012 жылғы 12 қазанда Қа-

зақстан Республикасының ғарышкері дәрежесі берілді. 2015 жылы 2 қыркүйекте екінші бортинженер ретінде «Союз ТМА-18М» кемесімен Байқоңырдан Халықаралық ғарыш станциясына аттанды. Айдын Айымбетов ғарышта 10 күн болып, маңызды зерттеулер жүргізді. Оның орбитадағы тәжірибелерінің бірі – «Дастархан-6». Ғарышкерлерге күрт, тіпті бие сүтін берген. Дәрумендерге бай тағамдар әріптестерінің көңілінен шығыпты. Халықаралық ғарыш станциясынан оралған Айымбетовті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі күтіп алды.

Ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін Айдын Айымбетовке «Халық қаһарманы» атағы берілді. Бүгінгі таңда «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ вице-президенті. Жалпы алғанда, Айдынның қызмет жолы тұтастай тек әуе және ғарыш қызметімен байланысты, яғни ол осы салаға кездейсоқ келген адам емес, өз ісінің маманы.

Зерттеушілер Т.Әубәкіров пен А.Айымбетовке қатысты қызықты сәйкестіктер бар екенін алға тартады. Олай болса қос қаһарман арасындағы 5 ғажайып сәйкестікті ұсынамыз.

Біріншіден, екеуі де бір айда, бір күнде дүниеге келген. Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы дүниеге келсе, Айдын Айымбетов 1972 жылы туған. Жұлдызнама белгілері – арыстан. Астрология ғылымында бір күні дүниеге келген адамдарды «жұлдызды егіздер» деп атайды. Ғалымдардың айтуынша, олардың өмірі мен мінездерінің ұқсастығы аз емес.

Екіншіден, Тоқтар Оңғарбайұлы да, Айдын Ақанұлы да бір оқу орнын бітірген. Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесінің түлектері. Т.Әубәкіров 1969 жылы, ал, А.Айымбетов 1993 жылы оқуды аяқтаған. Арасы – 24 жыл. Үшіншіден, бірі ғарышқа 1991 жылы ұшса, екіншісі 2015 жылы көк жүзіне көтерілді. Арасы тағы да 24 жыл.

Төртіншіден, Әубәкіров 2 қазан, ал, Айымбетов 2 қыркүйек күні ғарыш сапарына аттанды. Күнтізбеге қарасаңыз, екеуі де аптаның сәтті сәрсенбісіне тұра келеді.

Соңғы жете ең қызықты сәйкестік, Тоқтар Оңғарбайұлының ғарышқа ұшқандағы командирі Александр Волков болды. Ал, Айдын Ақанұлының командирі – Александр Волковтың ұлы Сергей Волков.

Қызылордада 3 жатақхана салынды

«Бес әлеуметтік бастама» жобасы аясында Қызылорда облысында 1500 орындық жатақхана салу жоспарланған.

Нақты кезеңде студенттерге арналған 3 жатақхана пайдалануға берілді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қаржы орталығы» АҚ Жобаларды ілгерілету департаментінің директоры Алпамыс Сатыбалдин қолданымға берілген жатақханалар туралы айтып берді.

Қаржы орталығы өңірлердегі студенттерге қажетті жатақхана орнын зерттеп, ұсыныстарды жинақтайды. Бағдарлама осыдан 3 жыл бұрын басталып, ел бойынша 75 мың орындық жатақхана салу қажеттігі анықталған. Ал облыс студенттеріне 1320 орындық жатақхана керек.

– Қазіргі таңда облыс кәсіпкерлерінің көмегімен бұл мәселе шешімін табуда. Жеке кәсіпкер «Сүйеніш» ЖК – 414, «ДилМАШ» ЖШС – 330, ал «Болашақ» университеті 372 орындық жатақхана салды. Сондай-ақ, бала санының көбеюіне байланысты мектептерге деген сұраныс артуда. Сол себепті де жатақхана немесе жеке мектеп салуға ниетті кәсіпкерлерге мемлекет қолдау көрсетуге дайын, – деді ол.

Айта кетейік, қазіргі күні аймақта 7 жеке білім ошағы жұмыс жасауда. Бұған қоса, жаңадан үш мектеп пайдалануға берілді.

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

«А.Тоқмағамбетов Жер» ЖШС серіктестік қатысушыларына 2021 жылдың 26 сәуірінде кезектен тыс жалпы жиналысын сырттай түрде жүргізілетіні туралы хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Асқар Тоқмағамбетов ауылы, Абай көшесі №4.

Күн тәртібі:

1. «А.Тоқмағамбетов Жер» ЖШС-ның атқарушы органын сайлау;

2. «А.Тоқмағамбетов Жер» ЖШС-ның «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға, «Технолизинг» ЖШС-на, «Сырдария-1» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-на және тағы басқа лизингтік компанияларға екі комбайн және бір шөп оратын машинаны (қосылқа) лизингке алуға және тиісті қаржылық лизинг келісім-шарттарын жасауға өтініш беру;

3. Қайтыс болған қатысушылардың мұрагерлерінің мұраны рәсімдеуіне көмек көрсету, мұраны рәсімдегеннен кейін оларды серіктестік құрамына қабылдау туралы шешім қабылдау.

Жалпы жиналысты сырттай түрде жүргізу Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылдың 1 наурызындағы №3 Қаулысына және елге карантин тәртібінің енгізілуі адамдарды көпшілік жинауларда жинау арқылы іс-шараларды жүргізуге тыйым салынуына байланысты.

Толтырылған бюллетеньдерді қабылдау уақыты 2021 жылы 26 сәуір күні сағат 18.00-де аяқталады.

«А.Тоқмағамбетов Жер» ЖШС.

Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ә бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорси» АҚ (19-57-03). «Өндістік шығыс Күмкөл кенішіне 133, 333, 1019, 1020, 2106, 2107, 2108, 2110, 2124, 3019, 4020 ұңғымаларына кірме автожол салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды пошта арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Хабарландыру

«Nomad Life» ӨСК» АҚ Қызылорда қаласындағы филиалының мекен-жайы өзгергені туралы хабарлайды: Қызылорда қаласы, Дінмұхаммед Қонаев көшесі, 10 А.

Нұрлансын аяттармен қабіріңіз



Шаңырағымыздың берекесі болған аяулы анамыз, асыл жар, немерелерінің сүйікті әжесі Рысқұл Бегайысқызы Өткелбаева алыс сегіз жасында фәниден озды. Зымыраған уақыт, әне-міне дегенше қырық күн болды.

Рысқұл Бегайысқызы 1953 жылдың 3 мамырында Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде дүниеге келген. Мектепті ойдағыдай тәмамдап, 1970-1972 жылдары Шақын, Байқожа елді мекендеріндегі мектептерде қызмет атқарды. Қызылорда қаласындағы медициналық училищені «Мейірбикесі» мамандығы бойынша бітіріп, аудандық ауруханада мейірбике болып еңбек жолын бастады. Осы ауруханада сегіз жылдай неврология бөлімінде аға мейірбике, 1998-2011

жылдары реанимация бөлімінде аға мейірбике қызметін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.

Аяулы анамыз әріптестері арасында ақыл-парасатымен, кеңпейілділігімен құрмет-қошеметке бөленіп, бірнеше марапаттарға ие болды. Абзал жан 2018 жылдан бері сырқаттанып, кешеге дейін жазылар деген үмітіміз үзілмеді. Аман қанша, дендеген дертіне дауа таппай ажал құрығына іліне барды. Біздерге қамқор, жанашыр болған анамыздың жоқтығы жанымызды күйзелтіп, қабырғамызды қайыңдыруда. Шүкір ғой, артында қол жайып құран бағыштайтын ұрпағы бар.

Анамыздың фәниден озғанына қырық күн толуына орай 17 сәуір күні еске алып, құран бағышталды. Оқилатын құран аяттары қабірін нұрландырып, жатқан жері жайлы, орны пейіштің төрінен бұйырса дейміз.

Еске алушылар: **отбасы, бауырлары**

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2020 жылдың 23 қазанында қайтыс болған азаматша Табынбаева Шолпан Абдрахмановнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 6/2/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.

Жарамсыз деп есептелсін

«РУ-6» ЖШС-на тиесілі Қызылорда облысы әкімдігінің 13.12.2017 жылғы қаулысына сәйкес табысталған жер учаскелеріне қатысты 20.12.2017 жылғы №268, 270 жалдау шарттары мен жерге құқық беретін жер актілерінің (кадастрылық №10-149-040-2208, №10-149-040-2207) түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

АСПАН ЕСІК АШҚАН КҮН

Адамзаттың ғарышқа ұшу деген талпынысы біздің бала күнгі арманымыз секілді сонау ғасырларда-ақ қалыптасыпты. Алайда, адам ол арманына 1957 жылы ғана қол созды. Осы жылы 4 қазанда іргесі қаланған «Байқоңыр» ғарыш алаңынан тұңғыш ғарыш зымырлары ұшырылды. Ол – дүние жүзіндегі ең бірінші жердің жасанды серігі болатын.

Күрөң басын түрөн ойлардың тұрағы қылып, тынымсыз ізденген ғалымдар ақыры жер шары орбитасына адам баласының шыға алатынын дәлелдеді. Байқоңырдан 1961 жылдың 12 сәуірінде адамзат тарихында тұңғыш рет Юрий Алексеевич Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа жол тартты.

Осы тұста мына бір ғажапты айтай кету айып. Аспанға қаранышсыз, ашық емес пе, түпсіз ашық қой. Анау бұлттар ма, өзі желдің жетегіне ерген бұлттар кімге кедергі бола алады? Ендеше, астроном ғалымдар қанша жыл бойы «аспан есігін» іздеп неге әуре болған?

Шынында, аспан біз ойлағандай түпсіз ашық емес екен. Қазаққа «жеті қат көк» дейтін сөз бар, онысы – аспанның жеті қабаттан тұратынын айтқаны. Демек, жер ғарыштың толып жатқан тас денелерінен жаратылыс құдіретімен әу баста қорғалған.

«Біз оларға аспан есіктерін ашуға мүмкіндік бергенде, олар оған көтеріледі. Сосын «Мен не көріп тұрмын? Бұл түс емес пе? Әлде менің көзім байланда ма?» дейді...»

О, тоба, дін өкілдері қасиетті Құранның «Хижра» сүресінде дәл осындай Алла сөзінің бар екенін айтып отыр. Шынында, Юрий Га-

гарин көкке көтерілгенде ғарыш кемесінің дөңгелек әйнегінен қарап тұрып: «Мен не көріп тұрмын? Бұл түс емес пе? Әлде менің көзім байланда ма?» – деген екен. Оның бұл сөзі ғарыш кемесінің дыбыс жазғышында сақталыпты. Гагариннің Құранда оқымағаны анық, оның заманы ондай мүмкіндік те берген жоқ. Ендеше, ол Құрандағы сөзді қалайша дәлме-дәл қайталаған? Мұның жауабы біреу – Құдіреті күшті Іе бұл оқиғаның қашан, қай жерде болатынын, кімнің не айтатынын да сөзсіз жақсы білген.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы қазақ жерінде тұрса да, көк жүзіне бір қазақтың көкпейт ұшуы халқымыз үшін арман күйінде қала берген-ді. Мұның астарында саяси, тіпті шовинистік пиғылдардың болғаны белгілі. Осы сең еліміз тәуелсіздік алар мезгілдің сал-ақ алдында бұзылды. 1991 жылы 2 қазан күні, Гагарин сапарынан отыз жылдан кейін қазақ баласы үшін аспан есігі ашылды. Тұңғыш ғарышкер, қазақ тарихына алтын әріппен жазылған есім – Тоқтар Әубәкіров.

Ғарышқа ұшуға Кеңес Одағының батыры Тоқтар Әубәкіровке бірнеше мәрте ұсыныс жасалыпты. Бірақ, ол кісі ұсынысты қабыл ала қоймаған. Сол кезде Қазақ ССР-нің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев батырды жеке қабылдауына шақырып: «Тоқтар, халқымыз бұл күнді 30 жыл күтті. Ғарышқа халқың үшін ұш!» дейді.

Батырдың намысын жаныған «халқың үшін» деген сөз оны айға алып ұшады. Шынында, «Халық қаһарманы» Тоқтар Әубәкіров қазақтың ғана емес, күллі түркі халықтарының тұңғыш ғарышкері саналады. 2001 жылы Түркияның Ыстамбұл қаласында оған «Түркітің тұңғыш ғарышкері» атағы берілді.

Екінші ғарышкеріміз Талғат Мұсабаевқа ғарышқа үш рет ұшу бақыты бұйырыпты. Ол 1994 жылы «Союз ТМ-19» кемесімен ғарышта 126 күн болды. Екінші рет «Союз ТМ-27» кемесімен ұшқанда ғарышта 208 күн болып, ерекше ерлік көрсетті. Ол ғарыш кемесінен ашық ғарыш кеңістігіне бес рет шығып, 30 сағат 8 минут аспан қалайша дәлме-дәл қайталаған? Осындай көрсеткішімен Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген Т.Мұсабаев 2001 жылы тағы бір мәрте ғарышқа ұшты. Бұл жолы «Союз ТМ-32» кемесімен 8 күн ғарышта болды. Талғат Аманкелдіұлының жалпы ғарышта болған уақыты 341 күн 9 сағат 48 минут. Осылайша, Қазақстан ғарышта болған мерзімі жөнінен дүниежүзіде үшінші орынды иемденген.

Қос қазақ ғарышкерінің жұлдызды жолын 2015 жылы 2 қыркүйекте Айдын Айымбетов жалғастырды.

Әлемде 200-ден астам мемлекет болса, солардың қатарында ғарышқа өз перзентін ұшырған елдерді саусақпен санай аласыз. Ал, дүниежүзінде өз ұлтынан үш немесе одан да көп азаматы ғарышқа көтерілген 9 ғана мемлекет болса, қазақ елі де үш қаһарманымыздың арқасында сол сапқа енді.


Ғарышкерлер Чарльз Симони, Деннис Тито, Ричард Гэрриот секілді миллиондап ақша төлеп саяхаттайтын турист емес, олардың үш сапарындағы міндеті өте күрделі, халқына, тіпті тұтас адамзатқа пайдалы сапар.

Мәселен, Тоқтар Әубәкіров биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу



Бүгінде медицина әлдеқайда алға жылжығанмен, емнің өзге де тәсілдеріне жүгінушілер көп. Соның ішінде айкунемен айығуды құп көретін жерлестеріміз аз емес. Жақында Ресейде патенттелген осы айрықша гимнастиканың сырына үңілген едік. Өңірде алғашқылардың бірі болып айкуне орталығының жұмысын жолға қойған Тұмар Темірбекқызымен сұхбатта толығырақ айтамыз.

АЙКУНЕ – ЖАН ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КІЛТІ



– Алдымен айкуне туралы айтыңызшы...

– Айкуне – ежелгі гимнастика. Кез келген адам оны үйде немесе кеңседе отырып жасай алады. Нәтижесінде бұлшық етке күш түсіп, қан айналымы қалпына келеді, тән сауығады, ой жинақталады. Мәселен, ежелгі түркі халқы жауынгерлерінің жағдайына ерекше көңіл бөлген. Соның ішінде атты әскерге деген талап күшті болған. Себебі, атта дұрыс отырмайтынның ұзақ сапар кезінде белі, омыртқасы ауырып, сол кезеңде жауынгерлік гимнастикаға көп көңіл бөлінген осыдан. 1998 жылға дейін біздің бұл туралы хабарымыз болмады. Тек сол жылы Абай Баймағамбетовтың оны ресми медициналық жаттығу ретінде патенттеуі реинкарнацияға ұшырауына себепші болды. Абай Баймағамбетов 1998 жылы айкуненің алты жаттығуын ойлап тауып, оны ел ішінде жарнама-лауға күш салған. Бірақ, қолдау таппағандықтан, үш айдан соң Ресейге бағыт алады. Осылайша уақыт өте Новосібірдің фЗИ-ы айкунені медициналық жаттығу ретінде мойындайды. Ал, 2002-2003 жылдары Мәскеуде патент алады. 2005 жылы Санкт-Петербург мемлекеттік педиатрлық медициналық университетінде айкунені медицинаға енгізу қадамы ойластырылды. Санкт-Петербуртта оны ЛФК жаттығулары ретінде қабылдайды. Бүгінде ай-

куне орталықтары Мәскеу, Омбы, Махачкала, Днепрпетровск, Қазан, Минск, Симферополь қалаларында бар. Франция, Беларусь, Германия және Үндістан халқы одан хабардар. Қазақстанның бірнеше облысында аталған орталықтар жұмыс істеуде. Мен де арнайы оқытудан өткен соң, өткен жылы біздің облыстан осы орталықты аштым. Қарқын жаман емес, осы уақытқа дейін орталыққа 1400-ге жуық адам жүгініп, қажетті көмек алды.


– Гимнастиканың мыңдаған түрі бар. Солардың ішінде айкуненің ерекшелігі неде?

– Сабақта денені дұрыс

қалыптастыруға ғана емес, омыртқа мен омыртқа арасындағы жарық, остеохондроз, кеуде, бел ауруымен күресеміз. Сонымен қатар бұл жаттығулар есту, көру, тыныс алу мүшелерін жақсартады. Айкуненің әрбір жаттығуы қазақ руларының таңбасына ұқсас және сол рудың атымен аталады. Мұнда екі мыңнан астам тірек қимыл түрлері бар. Олар мәдениетіміздегі атқа отыру, малдас құруының өзі талай ауруға ем екенін растайды.

– Көбіне қандай жаттығулар жасалады?

– Жаттығу әр бұлшық етті қозғалтуға арналған. Өте баяу жаса-



лады. Бірінші омыртқа бұлшық етіне қысым түсіріледі. Сосын омыртқаны барынша созады. Екі жауырында бір-біріне айқастыруға тырысамыз. Мида да іске қосу керек. Себебі, жаттығуды ой-санамен сезініп орындау маңызды. Нұсқаушының бақылауы қажет. Әр жаттығудан кейінгі статика, тыныштық күйі 3-10 минутқа дейін созылады. Негізінен күніне 20 минутты гимнастикаға арнауды әдетке айналдырған дұрыс. Гимнастика қатерлі ісік, созылмалы, жұқпалы ауруы бар адамдарға ұсынылмайды.

– Үшінші сабақтан соң нәтиже байқалатынын естідік. Қаншалықты рас?

– Неліктен адамдарда грыжа протрузиясы және тағы сол секілді проблемалар пайда болады? Себебі, басым бөлігі үзіліссіз, бір орында ешбір қозғалыссыз отырып жұмыс істейді. Омыртқаға зақым келеді, ол дене бітімінде айқын байқала бастайды. Ал, айкуне осы мәселелермен күреседі. Күрстың үшінші күнінде адамның халі жақсарып, бойын тік ұстай бастайды. Көру қабілеті, көңіл-күйі жақсарып, бұлшық еттерді қозғалту барысында сіңірлер созылады. Жаттығудың арқасында тыныс алатын кеуде бұлшық еті кеңейеді. Денеге оттегі барады. Диафрагма кеңейеді, әрі қан айналым жақсарып, жасарасыз. Бір сөзбен айтқанда, оң өзгерістерге қадам бастайсыз.

– Айкуне жан тыныштығының кілті ме?

Айкуне сөзі ай мен күн сөзінің қосындысынан алынған. Ай шуақ шашса, күн жылу береді деген мағынада. Бұл жаттығуларды орындау барысында ішкі жан дүниеге үңіле аласыз, тыныштыққа бой алдырасыз. Сондықтан болар, айкунені жан тыныштығының кілті деп айтуға толық негіз бар.

Әңгімелескен
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

ОЙСАЛАР



«Бесік сату» кәдесі қайдан шыққан?

Халқымызда «ас көп болса, кәде көп» деген сөз бар. Шындығында солай. Бүгінде кәденің түр-түрі бар. Олардың кейбірі – көнеден келе жатқан көз үйреніп, көңілімізде орныққан салт-дәстүр, кәде-қауует. Десек те, уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраған дәстүрлер де кездеседі. Соның бірі – ұзатылған қыздың артынан «бесік апару» немесе «бесік сату» кәдесі. Бұл тақырыпты қозғауға қарт кісілердің, сондай-ақ ескінің көзін көрген адамдардың айтқан сөзі себеп болды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Орайы келіп тұрғанда айта кетейік, бұрын «есік ашу» деген тұрмыстық салт болған. Бұл сөзді әжелерімізден естуші едік. Дәлірек айтқанда, тұрмыстағы қыздың төркініне алғаш келуін «есік ашып келу» дейтін. Үйлену тойы өткен соң күйеу жігіт келіншегі алып, аға-жеңгелерімен, қатарлас достарымен қайын жұртына келеді. Әлбетте, алғаш келген күйеуді қыздың жеңгелері түрлі «амал-айласын» тауып, сыннан өткізеді. Соған орай күйеу жігіт те жөн-жоралғысымен, кәде, сыйлармен келеді. Осылайша есік ашып келген қызын төркін жұрты барынша құрмет-қошеметін көрсетіп, қарсы алатын болған. Құдалар арасында өзара лайықты сый-сияпат жасалып, жежжаттық байланыс беки түскен. Бұл жерде тірі айта кететін жайт, тұрмыстағы қыз аяғы ауырламай тұрғанда төркініне келіп кетеді. Ал босанған соң шілде-хана, бесік тойына әжесі, анасы, сондай-ақ, туыс әпке-сіңірлері, жеңгелері баратын болған. Біздің білуімізше, шілдеханаға сәбидің туған-туыстарынан өзге ер адамдар шақырылмайды.

Ал шілдехана, бесік тойы қалай өтеді? Сәбиді қырқынан шығарған соң сән-салтанатымен бесікке салыды. Бесікке саларға шақырылған абысынды-келінді ауыл-үйдің әйелдері шашуларын, сый-сияпаттарын ала келеді. Баланы үлгілі ұрпақ өсірген, елі-жұртына сыйлы, кәдірлі ана бесікке салады. Алдымен бесікті аластап, сонан соң барынша жұмсақ әрі жайлы етіп жабдықтап, сәбиді бөлейді. Үлкендер батасын беріп, жылғын қауым бар ізгі тілектерін арнайды.

Иә, бұл рәсімнің айналасында орындалатын майда-шүйде кәде-қауует, ырым-тыйымдар бар. Біздің айтпағымыз – бүгінде күнделікті өзіміз куә болып жүргендей, тұрмыстағы қыздың артынан төркіндерінің бесік апаруын қаншалықты дұрыс? Қариялардан естүімізше, бұрын атасынан, әкесінен қалған бесікке сол шаңырақтың бар балалары, немерелері бөленіп өсетін болған. Ал бүгінде жаңа туған сәбиге бесікті нағашылары апарып береді. Бала нағашыларының бесігінде өседі. «Жарайды, онда тұрған не бар?» дейсіз ғой... Ойланып көрейік, мақұл, баланың әкесі жатқан бесікті айтпай-ақ қойдық. Бірақ оның бауырларының баласы жатқан бесік бар емес пе, ол қайда? Тура-сын айтпайық, ол бесік енді қажетсіз болып қалды. Өйткені шаңыраққа келін түссе, міндетті түрде артынан жасауымен бесік апарды. Міне, мәселе қайда жатыр? Біз осыған дейін бесіктердің қоқысқа тасталып жатқанын жайлы басылым бетінде мәселе қозғап жазған едік. Сол мәселенің түп-төркінін тапқан сияқтымыз. Атадан балаға мұра болмақ түгілі, ағайын, бауырлар арасында, баладан балаға бір бесік жүрмейтіні белгілі болып отыр. Бүгінде бір отбасында орташа екі-үш баладан десек, сол үш балаға бір бесіктен алына

берсе, бесіктердің қоқысқа тасталуына таңғалуға болмайды.

Ғаламторды ақтарып қарасақ, бүгінде бесіктің ең қарапайым түрі 13 мың теңге болса, орташасы 37 мың, ал ең қымбаты 89 мың теңге тұратын «Бақыт» деп аталатын бесік екен. Алтын түстес бесіктің ою-өрнегі де керемет екен. Бағасының қымбат болып тұрғаны «Бақыт» деген атауына да байланысты болса керек. Біздің қазақ ырымшыл халық қой. Балкім, сол бесікте жатса, баласы бақытты болады деп жорамал жасайтын шығар. Айта кетейік, қазақта бесікті саудаласпайды, сатушының сұраған бағасына алады.

Осы тақырып төңірегінде ұлағатты ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі, бүгінде Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» Жалағаш аудандық филиалының басшысы, белгілі ақын Жордан Салықбаевтың жары Дина Мейрманова апайымыздың пікірін білген едік.

– Өте орынды ой қозғап отырсыздар. Иә, шындығында біздің бала күнімізде бір атадан тараған ұрпақ бір ғана бесіктен өсіп-өніп, одан әрі өркенін жаятын. Оның үстіне, қыздың төркіні бесік апармайды. Ойлап қарасақ, бұл ақылға да сыймайды. Мысалы, нәрестенің өмірге келгеннен кейінгі орны – бесік. Бүгінгі жағдайда қарасақ, бала өз жұртының емес, нағашысының бесігінде жатады. Бұл үрдіс беріректе, яғни, сол 1980 жылдары шықты. Әдепкіде бұған тосыққай қараған жұрт кейіннен бірінен бірі қалмай, бәсекеге түсіп, дәстүрге айналдырып алды. Қызға дүние апару да бұрмаланып жүр. Негізінде, ананың міндеті – қызына өз қолымен тіккен көрпе-жастығын, одан қалса, азығайт ыдыс-аяғын ғана беру керек. Ал бүгінде жас отаудың тұрмыстық жабдықтарын түгел қыздың төркіні апарып береді. Дәулеті барлары тіпті көлік, үй сыйлайтын болды. Мұның бәрі дарақилық деп айтар едім. Сонда отбасын құрған азамат не істейді? Дайын дүниеге ие болып қала бере ме? Жасыратыны жоқ, күндердің күні болғанда отбасында ыдыс-аяқ сылдыраса, келіншектің күшіне мініп шыға келетіні сөзсіз. Дұрысы, отау құрған екі жас өмірдің ыстық-суығын бірге татып, бар мен жоқтың бағасын біліп, тұрмыс кешуі керек. Сонда ғана шаңырақ шайқалмайды, отбасы бұзылмайды. Оның үстіне, орта тұрмыс кешіп жатқан отбасын тұр мұндай сән-салтанат жасауға жағдайы келе бермейді. Қатарынан кейін қалса, жастардың да сағы сынады. Осының бәрін ойлаған жөн, – деді көпті көрген Дина апайымыз.

Иә, бесікті әкелген нағашылары осы тойдың үстінде «бесікті сатамыз» дейтін де кәденің түрі бар. Оны сәбидің ата-әжесі «сатып» алады. Қарап тұрсақ, бұл да жай қызық үшін қосылған кәде сияқты. Қорыта айтқанда, әр әулеттің ұрпағы өз жұртының бесігінде өсуі керек. «Аттан жығылсақ та, салттан жығылмайық» дейтін сөздің төркіні осында жатыр емес пе?!

Балалардың бақыт мекені

Қызылорда қаласына қарасты Қызылжарма ауылдық округіндегі «Сыр дидары» бөбекжайы көктеммен бірге гүлдене түскендей. Балабақшаның ауласына қадам басқаннан-ақ құшақ жая қарсы алған ата-әженің мүсіні аула көркін келістіріп, бүлдіршіндерді шақырып тұрғандай.

Бөбекжайдың ашылғанына биыл 6 жыл толып отыр. Мұнда 12 топ бар, әр топ әдістемелік талапқа сай безендірілген. Оқу-тәрбие үдерісіне қажетті жағдай толық жасалған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған. Балабақшада балғындардың денсаулығына жауапты психолог, дефектолог-логопед мамандар жұмыс істейді. Бұдан бөлек сабақтарға арналған арнайы кабинеттер, спортзал, актрал тәрбиеленушілердің дамуына зор ықпалын тигізуде. Осы жылдары бөбекжайдың бет-бейнесін қалыптастыруда меңгерушілік қызметінде болған Ләззат Оразбаева мен Гүлмира Алтынбекованың еңбегі өлшеусіз.

Бүгінде бүлдіршіндердің болашағы үшін жаңашылдық пен ізденісті ұштастырған педагог-мамандар жұмыс істеп келеді. Мейрамқұл Ахметова меңгеруші болып келгені жаңашыл жетістіктерге қол жеткіздік. Педагогтар мен тәрбиеленушілер республикалық, қалалық, облыстық байқауларда бақ сынап, жетістіктерге жетті.

Атап айтсақ, 2019 жылы Алматы қаласында өткен республикалық «Жастар – ұлт болашағы» атты өнер байқауында биші балғындарымыз III орын иеленсе, Шымкент қаласында өткен «Нұрлы жастар болашаққа жол бастар» атты республикалық көркем сөз, ән-би байқауында хореография номинациясымен жүлделі I орынмен оралды.

«Бейбітшілік әлемі» Халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігі ұйымдастырған Ұлы Абайдың 175 жылдығы қарсаңында өткізілген «Үкілі үміт» атты өнер фестивалінде үздіктер қатарында бас жүлде иеленген бөбекжайдың музыка жетекшісі Саулет Төребаева өз өнерімен талайды тамсандырды.

Былтыр Отбасы күніне орай қалалық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Өнегелі отбасы» онлайн байқауына балабақша атынан қатысқан педагогтар отбасымен жүлделі орындарға ие болды. Атап



айтсақ, Күміскүл Сәтбаева, Роза Телқожаева, Әлима Махамбетова, Саулет Төребаева, Қамар Мақашева өз отбасы құндылықтарын дәріптеді.

Бөбекжайда тәрбиеленушілерімен қатар тәрбиешілердің де ізденушілік қабілетін, шығармашылығын арттыру жұмыстарына басымдық берілген. Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлтымның ұлттық дәстүрлері» тақырыбында педагогтар арасында өткен сайыс соның дәлелі. Іс-шара тарихи тамыры тереңге кеткен ұлттық құндылықтарымызбен қайта қауыштырғандай болды. Шараның негізгі мақсаты – Наурыз мейрамын ұлықтау және халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеу, таңбалы тарихтан тағылым беретін ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту. Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу жолында ұстаздар қауымының еңбегі ерен. Өнер бәйгесі қатысушы педагогтардың өзара тәжірибе алмасуына септігін тигізіп, көз көргенге көктемдей жылудық сыйлады.

Нәтижесінде «Шаңырақ» тобы I, «Сырғалым» тобы II, «Ұлы дала тәрбиешілері» тобы III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Гүлнұр ҚОЖАНТАЕВА,
Гүлнар ОРАЗЫМБЕТОВА,
«Сыр дидары» балабақшасының қызметкерлері.



SERGEK

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ

СЫР ЕЛІНЕН БАСТАУ АЛДЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК ұйымдастыруымен Ұлттық мектеп лигасы өтуде.

Алғашқы сайыс – гандболдан «Ұшқыр доп» жарысы Сыр өңірінде бастау алды. Сайысқа Алматы мен Шымкент қалалары, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды, Түркістан, Қызылорда облыстарының оқушылары қатысты.

Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова бұл доданың жастар үшін маңызды екенін атап өтті.

– Алты Алаштың анасы атанған, киелі Қорқыт бабамыздың табыны тиген, алғашқы астана – Қызылордаға қош келдіңіздер! Жасампаз жастардың басын қосқан лиганың алғашқы сайысының Сыр өңірінен бастау алуы – біз үшін үлкен құрмет. Спорттың 10 түрінен өтетін осы жарыс оқушылар арасында қарым-қатынасын одан әрі дамытып, белсенді спортпен шұғылдануға мүмкіндік береді деп санаймыз. Мықтылар анықталып, барлық жарысқа қатысушы спортшылар дүбірлі додада жеңіске деген ұмтылыс пен жігер танытады деп сенемін. Сыр жерінде бастау алған спорт додасы сіздердің естеріңізде ерекше ұмытылмас сәттер қалдыратын болады, – деді басқарма басшысы.

Лига «Алтын доп» (баскетбол), «Шұбар доп» (волейбол), «Ұшқыр доп» (гандбол), «Теңбіл доп» (футзал), «Былғары доп» (футбол), «Былғары доп – Балдаурен» (футбол), асық ату, бес асық, президенттік тесттер мен үстел теннисі және тобықшұмалақ жарыстарынан тұрады. Дода 4 сәуірден бастап маусымның аяғына дейін жалғаспақ.

«СБ» ақпарат

